



БҰЙРЫҚ

01.12.2022

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 222-НБ

город Астана

Құрылыстағы баға белгілеу жөніндегі нормативтік құжатты бекіту туралы

«Қазақстан Республикасы индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 30 қаңтардағы № 55 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі ережесінің 14-тармағының 27) және 29) тармақшаларына, «Құрылыстағы баға белгілеу жөніндегі нормативтік құжаттарды мақұлдау туралы» Қазақстан Республикасы индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті Ғылыми-техникалық кеңесінің 2022 жылғы 29 қарашадағы № 55 қаулысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қосымшаға сәйкес:

1) «Құрылыс жұмыстарына арналған элементтік сметалық нормалар, Жөндеу-құрылыс жұмыстарына арналған элементтік сметалық нормалар, Жабдықты монтаждауға арналған элементтік сметалық нормалар (ҚР ЭСН 8.04-01-2022, ҚР ЭСН 8.05-01-2022, ҚР ЭСН 8.04-02-2022) Өзгерістер мен толықтырулар. 28-шығарылым»;

2) ҚР ҚНБҚ 8.01-02-2022 «Құрылыс-монтаж жұмыстарына арналған дара сметалық бағаларды әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар. Өзгерістер мен толықтырулар. 1-шығарылым» бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің (бұдан әрі – Комитет) Құрылыстағы сметалық нормалар басқармасы заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықты Комитеттің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Комитет төрағасының орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қосымша: 331 парақта.

Төраға



Т. Қарағойшин

000124